

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 38 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 28 мамырдағы № 59 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдардың, сынақ зертханаларының (орталықтарының)) бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2016 жылғы 10 мамырдағы № 38 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 28 мамырдағы
№ 59 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 38 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Атауындағы "сыртқы және өзара сауданың" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1-тармақтың екінші - төртінші абзацтарындағы, сондай-ақ 2-тармақтағы "сыртқы және өзара сауданың" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Көрсетілген шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдардың, сынақ зертханаларының (орталықтарының)) бірыңғай тізілімін

қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 10 мамырдағы
№ 38 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2024 жылғы 28 мамырдағы
№ 59 шешімі редакциясында)

"Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдардың, сынақ зертханаларының (орталықтарының)) бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген органдарды (оның ішінде сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын)) Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне енгізу, сондай-ақ оны қалыптастыру және жүргізу тәртібі туралы" (бұдан әрі – Тәртіп) 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 100 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының "Бірыңғай құжаттар беріле отырып, Кеден одағы шеңберінде сәйкестікті міндетті бағалауға (растауға) жататын өнімдердің бірыңғай тізбесі туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, "Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдардың, сынақ зертханаларының (орталықтарының)) бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленген.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процеске қатысушыға белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"бірыңғай тізілім" – Одаққа мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдары Еуразиялық экономикалық комиссияға ұсынатын органдардың бірыңғай тізілімнің ұлттық бөліктеріндегі мәліметтердің негізінде Одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссияның өзара іс-қимылы шеңберінде Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарын пайдалана отырып қалыптастыруды және жүргізуді Еуразиялық экономикалық комиссия электрондық түрде жүзеге асыратын сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурсты білдіретін Одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімі;

"бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігі" – Одаққа мүше мемлекеттің ақпараттық жүйесінде физикалық тұрғыда орналасқан ұлттық тізілімнің бөлігі, онда қалыптастыруды және жүргізуді Одаққа мүше мемлекеттердің аккредиттеу жөніндегі органдары жүзеге асыратын бірыңғай тізілімге енгізілген сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы мәліметтер қамтылады;

"сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар" – сәйкестікті бағалауды жүзеге асыруға Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аккредиттелген және (немесе) уәкілеттік берілген органдар (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдар, сынақ зертханалары (орталықтары)).

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдардың , сынақ зертханаларының (орталықтарының)) бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" .

6. Жалпы процестің кодтық белгілемесі: P.TS.02, 2.1.0-нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты бірыңғай тізілімнен мәліметтерді қалыптастыру және оны жалпы процеске қатысушыларға ұсыну тетіктерін жетілдіру болып табылады.

8. Жалпы процесс мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарынан Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) құралдарымен бірыңғай тізілімнің ұлттық бөліктерінен мәліметтерді алуды және оларды Одақтық ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

б) Одақтың ақпараттық порталында сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы мәліметтерді мүдделі тұлғалардың алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының интеграцияланған жүйе құралдарымен бірыңғай тізілімнен сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы мәліметтерді алуын қамтамасыз ету;

г) бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөліктерінен мәліметтер алатын, бірыңғай тізілімді қалыптастыруға және жүргізуге, уәкілетті органдардың сұрау салулары бойынша бірыңғай тізілімнен мәліметтер ұсынуға жауапты, сондай-ақ мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ететін Одақ органы
P.TS.02.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын және бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінен Комиссияға мәліметтер беретін, сондай-ақ Комиссиядан сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді сұрататын мүше мемлекеттің аккредиттеу жөніндегі органы
P.TS.02.ACT.002	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталындағы бірыңғай тізілімнен мәліметтерді сұрататын және алатын заңды немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өз мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді, олар:

- а) бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған, бірыңғай тізілімнің ұлттық бөліктеріндегі мәліметтер негізінде

бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен мүдделі тұлғаларға бірыңғай тізілімге енгізілген сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы мәліметтерді ұсыну жүзеге асырылады.

Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу кезінде бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу;

бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына мәліметтерді ұсыну кезінде бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

бірыңғай тізілімнің жаңартылған күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу;

бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу;

бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алу.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 38 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдардың, сынақ зертханаларының (орталықтарының)) бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 38 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының (соның ішінде, сертификаттау жөніндегі органдардың, сынақ зертханаларының (орталықтарының)) бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйе пайдаланылып жүзеге асырылады. Мүдделі тұлғалардың бірыңғай тізілімде қамтылатын мәліметтерге қол жеткізуі Одақтың ақпараттық порталы арқылы жүзеге асырылады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен олардың орындалу тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясы пайдаланыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттаумен жабдықталған.

4. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне мәліметтерді қосу немесе оған өзгерістер енгізу үшін мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді алған кезден басталады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде сәйкестікті бағалау жөніндегі органның сәйкестендіру нөмірінің бірегейлігін қамтамасыз етеді.

Жаңа мәліметтер бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген жағдайда "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" рәсімі орындалады (P.TS.02.PRC.001).


Егер сәйкестікті бағалау жөніндегі орган Тәртіптің өлшемшарттарына сәйкес келмейді деп пайымдауға негіз болған жағдайда, мұндай орган туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу туралы мәселе Комиссия Алқасының қарауына шығарылады.

Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне жаңа мәліметтер енгізілген жағдайда "Бірыңғай тізілімге мәліметтер енгізу" рәсімі орындалады (P.TS.02.PRC.001).

Егер сәйкестікті бағалау жөніндегі орган Тәртіптің өлшемшарттарына сәйкес келмейді деп пайымдауға негіз болған жағдайда, Комиссия Алқасының қарауына бірыңғай тізілімдегі осындай органға "алып тасталды" мәртебесін беру туралы мәселе шығарылады.

Одақтың қауіпті өнімі туралы ақпараттық жүйеде айына 2 және одан да көп рет сертификаттау жөніндегі бір орган берген сәйкестікті бағалау туралы құжаттармен сүйемелденетін қауіпті өнім туралы мәліметтер орналастырылған жағдайда, бірыңғай тізілімдегі осындай органға "алып тасталды" мәртебесі беріледі.

16. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.02.PRC.001	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу	мүше мемлекеттің уәкілетті органы рәсімді орындау процесінде бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді

		қалыптастыруды және оны Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.TS.02.PRC.002	бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту	мүше мемлекеттің уәкілетті органы рәсімді орындау процесінде бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қалыптастыруды және оны Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады

5. Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салулар алынған кезде орындалады.

Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алу қажеттігін бағалау мақсатында орындалатын, бірыңғай тізілімнің жаңартылған күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу;

мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай тізілімнен белгілі бір күні өзекті болған мәліметтерді алуы мақсатында орындалатын, бірыңғай тізілімнен мәліметтерге сұрау салу. Бірыңғай тізілімнен мәліметтер ағымдағы күні де, сұрау салуда көрсетілген күнгі жағдай бойынша да сұратылуы мүмкін;

толық көлемде (тарихи деректер ескеріліп) бірыңғай тізілімде қамтылатын мәліметтер не сұрау салуда көрсетілген, бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігі жаңартылған күн мен уақыттан бастап интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы сұрау салу орындалған кезге дейін қосу немесе өзгерту жүргізілген мәліметтер сұратылатын, бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу. Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді толық көлемде сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіне мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде пайдаланылады, мысалы, жалпы процесті инициализациялау, жаңа мүше мемлекетті қосу, ақадан кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Мұндай жағдайда, бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты сұрау салуда көрсетілмейді.

Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде мынадай рәсімдердің бірі орындалады:

"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.003);


"Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.004);

"Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.005).

Көрсетілген рәсімдер кезектілікпен орындалуы мүмкін ("Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" рәсімі (P.TS.02.PRC.003), содан кейін "

Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.005) рәсімі) не әрбір рәсім сұрау салуды жүзеге асыру мақсаттарына қарай басқалардан бөлек орындалуы мүмкін.

19. Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.02.PRC.003	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын, сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алынған тиісті мәліметтермен үндестіру қажеттігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған
P.TS.02.PRC.004	бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу	рәсім сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы бірыңғай тізілімде қамтылатын мәліметтерді белгілі бір күні алуға арналған

P.TS.02.PRC.005	бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алу	рәсім сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы бірыңғай тізілімде қамтылатын өзгертілген мәліметтерді алуға арналған
-----------------	--	---

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Ақпараттық объектілер туралы мәліметтер немесе олардан алынған мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.02.BEN.001	бірыңғай тізілім	сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауаптылығы

22. Ақпараттық өзара іс-қимыл жасауға қатысатын Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін мәліметтерді уақтылы және толық беруді қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, өзге де халықаралық шарттар мен Одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкес жүзеге асырылады, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	елдер атауларының тізбесін және оларға сәйкес кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010

			жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген)
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үндестірілген жүйесі мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы негізінде әзірленген тауарлардың кодтары мен атауларының тізбесі қамтылады
P.CLS.008	байланыс құралдары (арналары) түрлерінің тізбесі	анықтамалық	байланыс құралдары (арналары) түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 192 шешімімен бекітілген)
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдер атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды (Комиссия Алқасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 шешімімен бекітілген)
P.CLS.056	Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағы техникалық регламенттерінің) тізбесі	анықтамалық	Одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) кодтарының, белгілеулерінің, атауларының, сондай-ақ Одақтың техникалық регламенттерінде (Кеден одағының техникалық регламенттерінде) белгіленген сәйкестікті бағалау нысандары мен схемалары кодтарының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 52 шешімімен бекітілген)
			шаруашылық жүргізуші субъектілерді


P.CLS.068	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде мемлекеттік тіркеу кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	мемлекеттік тіркеу кезінде оларды сәйкестендіру әдістерінің сәйкестендіргіштері мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 34 шешімімен бекітілген)
P.TS.02.CLS.001	зерттеу (сынақ) және өлшеу түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	зерттеулер (сынақтар) түрлерінің кодтары мен атауларының және өлшеу әдістерінің тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 185 шешімімен бекітілген)
P.TS.02.CLS.002	халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбесі, ал олар болмаған жағдайда – зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістері, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті сынамалар мен үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі	анықтамалық	халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың кодтары мен атауларының тізбесін , ал олар болмаған жағдайда –зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Одақтың техникалық регламенттерін қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті сынамалар мен үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

"Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу" (P.TS.02.PRC.001) рәсімі

24. "Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу" (P.TS.02.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4-суретте ұсынылған.



4-сурет. "Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу" (P.TS.02.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

25. "Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу" (P.TS.02.PRC.001) рәсімін бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне сәйкестікті бағалау жөніндегі жаңа орган туралы мәліметтерді енгізу кезінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

26. "Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.TS.02.OPR.001) операциясы бірінші орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімге енгізу үшін бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

27. Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.02.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

28. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.TS.02.OPR.003) операциясы орындалады, мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы оның нәтижелері бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

29. "Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.02.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.TS.02.OPR.004) операциясы орындалады, Комиссия оның нәтижелері бойынша бірыңғай тізілімге енгізілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

30. "Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу" (P.TS.02.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі бірыңғай тізілімге сәйкестікті бағалау жөніндегі орган туралы мәліметтерді енгізу және көрсетілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау болып табылады.

31. "Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу" (P.TS.02.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу" (P.TS.02.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.02.OPR.001	бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.002	бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.003	бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.004	бірыңғай тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

7-кесте

"Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.TS.02.OPR.001) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.001
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне мәліметтер енгізілген кезде орындалады
		ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен

5	Шектеулер	мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтер Комиссияға ұсынылды

8-кесте

"Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.02.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.002
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтер түскен кезде орындалады ("Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.TS.02.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
		орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қабылдайды және оларды тексереді. Тексеруді сәтті орындаған кезде орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл

6	Операцияның сипаттамасы	регламентіне сәйкес жаңа мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізуді жүзеге асырады, алынған мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады және мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып, мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді, соответствующего включению сведений
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтер өңделді, мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

9-кесте

"Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.TS.02.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.003
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдайды және оны тексереді
7	Нәтижелері	ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды


10-кесте

"Бірыңғай тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.TS.02.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.004
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімге енгізілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді қабылдағаннан және өндегеннен кейін орындалады ("Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өндеу" (P.TS.02.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	егер сәйкестікті бағалау жөніндегі орган Тәртіп өлшемшарттарына сәйкес келмейді деп пайымдауға негіз болған жағдайда, мәліметтерді жариялау Комиссия Алқасының осындай орган туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу туралы шешімі күшіне енгеннен кейін орындалады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімге енгізілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімге енгізілген мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.TS.02.PRC.002) рәсімі

32. "Бірыңғай тізілімде қамтылатын мәліметтерді өзгерту" (P.TS.02.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте ұсынылған.



5-сурет. "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.TS.02.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

33. "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.TS.02.PRC.002) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде сәйкестікті бағалау жөніндегі орган туралы мәліметтер өзгерген кезде орындайды.

34. "Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.TS.02.OPR.005) операциясы бірінші орындалады, мүше мемлекеттің уәкілетті органы оны орындау нәтижелері бойынша бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін оны Комиссияға жібереді.

35. Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.02.OPR.006) операциясы орындалады, Комиссия оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді алады, өзгерістер тарихын сақтай отырып, оларды өңдеуді орындайды және мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

36. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.TS.02.OPR.007) операциясы орындалады, мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы оны орындау

нәтижелері бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

37. "Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.02.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.TS.02.OPR.008) операциясы орындалады, Комиссия оны орындау нәтижелері бойынша Одақтың ақпараттық порталында бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялауды қамтамасыз етеді.

38. Бірыңғай тізілімде сәйкестікті бағалау жөніндегі орган туралы мәліметтерді өзгерту және өзгерістер тарихын көру мүмкіндігімен Одақтың ақпараттық порталында көрсетілген мәліметтерді жариялау "Бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту" (P.TS.02.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері болып есептеледі.

39. "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.TS.02.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

"Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.TS.02.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.02.OPR.005	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.006	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.007	бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.008	бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

12-кесте

"Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.TS.02.OPR.005) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.005
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы

4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде сәйкестікті бағалау жөніндегі орган туралы мәліметтер өзгерген кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтер Комиссияға ұсынылды

13-кесте

"Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді өңдеу және қабылдау" (P.TS.02.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.006
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтерді алу кезінде орындалады ("Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.TS.02.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынады. ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері ақпараттық өзара іс-қимыл

		регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді қабылдайды және олардың Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкестігін тексереді . Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы: бірыңғай тізілімде өзгертілетін мәліметтерді қолданудың аяқталу күні мен уақытын алынған мәліметтерді қолдану басталған күн мен уақыт мәнімен толтырады. Нәтижесінде бірыңғай тізілімде өзгертілетін мәліметтер өзгерістер тарихын көру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады және одан әрі өңдеу үшін қолжетімсіз болады; алынған мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізуді жүзеге асырады, өзгертілетін мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады; Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді өзгертуге сәйкес келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып, мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны жібереді
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтер өңделді, мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

14-кесте

"Бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.TS.02. OPR.007) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.007
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы

4	Орындау шарттары	орындаушы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдайды және оны тексереді
7	Нәтижелері	ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды

15-кесте

"Бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.TS.02.OPR.008) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.008
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу кезінде орындалады ("Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.02.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	егер сәйкестікті бағалау жөніндегі орган Тәртіптің өлшемшарттарына сәйкес келмейді деп пайымдауға негіз болған жағдайда, мәліметтерді жариялау Комиссия Алқасының осындай органға бірыңғай тізілімде "алып тасталды" мәртебесін беру туралы шешімі күшіне енгеннен кейін орындалады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді

2. Бірыңғай тізілімінен мәліметтерді ұсыну рәсімі

"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.003) рәсімі

40. "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 6-суретте ұсынылған.



6-сурет. "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

41. "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.003) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімнің жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы мәліметтер алу мақсатында орындайды.

42. "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.TS.02.OPR.009) операциясы бірінші орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

43. Комиссияға бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салу келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.TS.02.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия мүше мемлекеттің уәкілетті органына бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді жібереді.

44. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.02.OPR.011) операциясы орындалады, бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы оны орындау нәтижелері бойынша бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы алынған мәліметтерді өңдеуді жүзеге асырады.

45. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алуы "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.003) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

46. "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте

"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.02.OPR.009	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.010	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.011	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген

17-кесте

"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.TS.02.OPR.009) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.009

2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	сұратылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды қалыптастырады және оны Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу жіберілді

18-кесте

"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.TS.02.OPR.010) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.010
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.TS.02.OPR.009) операциясы)
5	Шектеулер	авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек қана мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар

		мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес, алынған сұрау салуды тексеруді жүргізеді. Тексеру сәтті орындалған кезде орындаушы мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуға жауап жібереді
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылды

19-кесте

"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.02.OPR.011) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.011
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы алынған мәліметтерді өңдеуді орындайды
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер алынды

"Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.004) рәсімі

47. "Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 7-суретте ұсынылған.



7-сурет. "Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

48. "Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.004) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алуы мақсатында орындалады.

49. "Бірыңғай тізілімнен мәліметтерге сұрау салу" (P.TS.02.OPR.012) операциясы бірінші орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

50. Комиссияға бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салу келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.TS.02.OPR.013) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

51. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтер келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (

P.TS.02.OPR.014) операциясы орындалады, бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы оны орындау нәтижелері бойынша бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

52. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай тізілімнен мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екені туралы хабарламаны алуы "Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.004) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

53. "Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 20-кестеде келтірілген.

20-кесте

"Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу" (P.TS.02.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.02.OPR.012	бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.013	бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 22-кестесінде келтірілген
P.TS.02.OPR.014	бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 23-кестесінде келтірілген

21-кесте

"Бірыңғай тізілімнен мәліметтерге сұрау салу" (P.TS.02.OPR.012) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.TS.02.OPR.012
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімнен мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	сұратылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс

6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес, сұрау салуда көрсетілген күнгі немесе сұрау салуда күн көрсетілмеген болса, ағымдағы күнгі жағдайда мүше мемлекет бойынша немесе бүкіл бірыңғай тізілім бойынша бірыңғай тізілімнен мәліметтерді ұсынуға арналған сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	бірыңғай тізілімнен мәліметтерге сұрау салу жіберілді

22-кесте

